

Қазақстанда экспортты әртараптандыруды бағалау

О. Сабден¹, О.Ш. Адилханов²

Алынды: Қантар 21, 2020 Жаңартылды: Қантар 31, 2020 Қабылданды: Ақпан 3, 2020

Түйін

Соңғы уақытта дамушы елдер бұрынғы дамыған елдермен салыстырғанда өте тез экономикалық өсімге қол жеткізді және экспорттық корзинасын мейлінше кеңейтуге мүмкіндік алды. Сондықтан қазіргі таңда Қазақстан экспортының әртараптандырылу деңгейін тереңнен зерттеу қажеттілігі туды. Мақаланың негізгі мақсаты Қазақстандағы аймақтардың экспортты әртараптандыру дәрежесін анықтау, экспорт көлеміне әсер етуші факторларды зерттеу және аймақтар мысалында экономикалық күрделілік индексі (ЕЦИ) талдау. Херфиндаль-Хиршман және ЕЦИ индекстерін есептеуде Қазақстанның 16 облысының бес жылдық мәліметтерді пайдаланылды. Ал экспорттық түсімнің артуына әсер етуші факторлар Қазақстан мысалында корреляциялық кесте арқылы зерделенді. Зерттеуде Алматы қаласында экспортты әртараптандырудың жоғары деңгейі, ал Қызылорда, Атырау, Батыс Қазақстан және Маңғыстау облыстарында экспорттың өте жоғары шоғырлану деңгейі анықталды. Қорытындыда елімізде экспортты әртараптандырудың мүмкіндіктері талданып, біршама ұсыныстар берілді. Зерттеу нәтижелері аймақтардың экспорттық саясатын іске асыруда және кешенді стратегиялық жоспарлар даярлау барысында тиімді құрал болып табылады.

Түйін сөздер: экспортты әртараптандыру, экспорттық әлеует, Херфиндаль-Хиршман индексі, экономикалық күрделілік индексі, Қазақстан.

Аннотация

За последнее десятилетие развивающиеся страны добились очень быстрого экономического роста по сравнению с бывшими развитыми странами и получили возможность максимально расширить экспортную корзину. Поэтому в настоящее время возникла необходимость углубленного изучения уровня диверсификации казахстанского экспорта. Основной целью статьи является определение степени диверсификации экспорта регионов Казахстана, исследование факторов, влияющих на объемы экспорта, и анализ индекса экономической сложности (ЕЦИ) на примере регионов. В расчетах индексов Херфиндаля-Хиршмана и ЕЦИ были использованы пятилетние данные из 16 областей Казахстана. А факторы, влияющие на увеличение экспортной выручки, изучены с помощью корреляционного графика на примере Казахстана. Исследования выявили высокий уровень диверсификации экспорта в г. Алматы. В Кызылординский, Атырауской, Западно-Казахстанской и Мангистауской областях установлен высокий уровень концентрации экспорта. В заключении проанализированы возможности диверсификации экспорта в стране, дан ряд рекомендаций. Результаты исследований являются эффективным инструментом в реализации экспортной политики регионов и разработке комплексных стратегических планов.

Ключевые слова: диверсификация экспорта, экспортный потенциал, индекс Херфиндаля-Хиршмана, индекс экономической сложности, Казахстан.

Abstract

Over the last ten years developing countries have achieved very fast economic growth comparing to the former developed countries and gained the opportunity to vastly widen their export basket. Therefore, nowadays, there is a need for an in-depth study of the level of diversification of the exports of Kazakhstan. The main goal of the article is to determine the degree of export diversification of the regions of Kazakhstan, to study the factors affecting export volumes and to analyze the economic complexity index (ECI) using the example of regions. In the calculations of the Herfindahl-Hirschman and ECI indices, five-year data from 16 regions of Kazakhstan were used. And the factors affecting the increase in export revenue were studied using the correlation graph on the example of Kazakhstan. The study revealed a high level of export diversification in Almaty. On the contrary, Kyzylorda, Atyrau, West Kazakhstan and Mangystau regions showed a high level of export concentration. In conclusion, the possibilities of export

1 ҚР БҒМ Ғылым комитеті Экономика институтының экономикалық саясат және жаһандану бөлімінің меңгерушісі, МАГИ, РАЕН, ҚР ҰИА академигі, e-mail: osabden@mail.ru, ORCID iD: <https://orcid.org/0000-0002-4051-6170>

2 ҚР БҒМ ҒК Экономика институтының ғылыми қызметкері, PhD докторант, e-mail: oljas_06@mail.ru, ORCID iD: <https://orcid.org/0000-0002-4292-7408>

diversification in the country were analyzed, a number of recommendations were made. The results of the study will be useful tool in applying export policy of the regions and in developing the complex strategic plan.

Keywords: diversification of export, potential of export, Herfindahl-Hirschman index, Economic Complexity Index, Kazakhstan

Кіріспе

Әлемдік экономиканың қазіргі жағдайында кез келген мемлекет экономикалық өсуде бәсекеге түсуде, ал экономикалық өсімді экспортсыз қамтамасыз ету мүмкін емес. Көптеген мемлекеттер экспортты кеңейтуге тырысып, сыртқы нарыққа негізделген даму стратегиялары арқылы халықаралық сауда кедергілерін азайтуға тырысуда. Экспортты әртарапандыру әр мемлекет экономикасының ажырамас бөлігі, экономиканы тұрақты өсірудің құралы.

Сондықтан экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін барлық мемлекеттер, әсіресе дамушы елдер экспортты әртарапандыруға тырысуда. Соңғы кездері экспортты әртарапандырудың экономикалық өсімге әсерін көптеген ғалымдар түрлі елдердің мысалында зерттеген. Экспортты әртарапандыру тақырыбы 1950 жылдары Пребиш пен Сингердің зерттеулерінен бастау алған. Бұл тақырып әлі күнге дейін өзектілігін жоғалтқан жоқ. Әсіресе дамушы елдер, оның ішінде табиғи ресурстарға бай мемлекеттерде бұл тақырыпты зерттеу маңызды. Бразилия мысалында зерттеу жүргізген ғалым Х.Сирера - басқа да дамушы елдердің мысалында зерттеу жүргізу қажеттілігін айтқан [1]. Сондықтан қазба байлықтарға бай, дамушы ел Қазақстан мысалында экспортты әртарапандыру тақырыбын зерттеу қазіргі таңда өзекті.

Қазақстан экспортына қысқаша тоқталып өтер болсақ, географиялық құрылымында Қазақстандық өнім әлемнің 122 еліне экспортталғанымен, экспорттың 63% тек 6 елге тиесілі (Италия, Қытай, Нидерланды, Ресей, Франция, Швейцария). Ал тауарлық құрылымда экспорттың 75-80% шикізат пен минералдар құрайды, яғни тауарлық құрылымда да, географиялық құрылымда да шоғырлану деңгейі басым. Ферранти т.б ғалымдардың пайымдауынша қазба байлықтарға бай мемлекеттерде жоғары деңгейде шоғырланған экспорттық құрылым қалыптасады және ол экономикалық өсімнің тұрақсыздығына әкелуі мүмкін [2].

Экспортты әртарапандыру сыртқы түсімді тұрақтандырады, нәтижесінде сыртқы сауда шоктарының әсерін төмендетеді. Қазақстан да 2016 жылы сыртқы сауданың кері әсерін сезінді. Оған себеп 2016 жылы әлемдік шикізат бағасының құлдырауы Қазақстан экспортын 92,3 млрд АҚШ долларынан 36,8 млрд АҚШ долларына дейін қысқартты (4 жылда 2,5 есе). Сәйкесінше импортта 48,8 млрд АҚШ долларынан 25,2 млрд АҚШ долларына дейін төмендеді. Дамушы мемлекеттерде дамыған мемлекеттерге қарағанда экспорттық түсімнің ауытқуы жоғары болады [3]. С.Самен (2010) экспорттық корзинаны кеңейту арқылы экспорттық кіріс тұрақсыздығын төмендету және экспорттық табысты көбейтуге мүмкіндік туады деген тұжырым жасайды. Экспорттық түсімнің тұрақсыздығы макроэкономикалық кедергілерге әкелуі мүмкін. Атап айтқанда инвестицияның қысқаруы, жұмыссыздық деңгейінің көбеюі, импорттық тауарларды алуда кедергілердің болуы т.б.

Экспортты әртарапандыру – дамушы елдердегі саясаткерлердің үнемі шешуі тиіс мәселесі [4]. Сондықтан Қазақстан да 2017 жылдың соңында тұрақты экономикалық өсімді қамтамасыз ету мақсатында экспортты әртарапандыру міндетін қойып, «2018-2022 жж. арналған Ұлттық экспорттық стратегия» бағдарламасын бекітті. Бағдарламаның негізгі міндеті – отандық экспорттаушыларға қаржылық және қаржылық емес қолдау көрсету, шикізаттық емес экспортты ұлғайту. Сонымен қатар шикізат емес экспорт көлемінің 2022 жылға қарай 1,5 есе артуына жағдай жасау, тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің экспорт нарықтарын әртарапандыру. Сондай-ақ жаңа тауар позициялар өндірісін енгізу және инновациялық өнімдердің үлесін арттыру, бұл инвестицияларды тартуға және шетелдік және отандық жаңа технологияларды тартуды көздейді. 2019 жылы индустриялық-инновациялық дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы «Export for development» бекітілді. Бұл бағдарламаның да негізгі мақсаты ретінде өңдеуші өнеркәсіптің еңбек өнімділігін

2016 жылғы деңгеймен салыстырғанда 1,7 есеге нақты өсіру, өңдеуші өнеркәсіптің экспорт көлемін 2016 жылғы деңгейге қарағанда 2,3 есеге өсіру, өңдеуші өнеркәсіптің негізгі капиталына салынған инвестициялардың 2016 жылғы деңгейге қарағанда 2 есеге өсіру және осы саладағы кәсіпорындар санын 1,6 есеге арттыру көзделген. Экспортты әртараптандыру мақсатында Дүниежүзілік сауда ұйымы (ДСҰ), Еуразиялық экономикалық одақ (ЕЭО) сияқты ұйымдарға кірді. Өйткені екіжақты сауда кедергілерін жою және транспорттық шығындарды төмендету екі жақты әртараптандыруды арттырады [5].

Әдебиетке шолу

Экспортты әртараптандыру тақырыбын ғалымдар жан-жақты зерттеген. Кейбірі экспортты әртараптандырудың макроэкономикалық факторларға (көбіне экономикалық өсім) әсерін зерттесе, келесілері экспортты әртараптандыруға қандай фактор әсер ететіндігін зерттеген. Кейбір зерттеулерде ғалымдар бір келісімге келсе, кейбір мәселелерде екі жақты пікір қалыптасқан. Мәселен, Сач және Уарнердің (1999) зерттеуінше табиғи қазба байлықтарға бай мемлекеттер голланд ауруына шалдығып, экспорт корзинасы бірнеше тауарға шоғырландыруы мүмкін [6]. Нәтижесінде баға тұрақсыздығы салдарынан бүкіл экономикалық тұрақсыздыққа әкелуі мүмкін. Сондықтан экспорты табиғи ресурстарға тәуелді елдер мұндай теріс экономикалық жағдайға ұшырамас үшін экспортты әртараптандыруы қажет. Табиғи ресурстар экономикалық өсімге оң әсер етеді, алайда экспортты шоғырландыруы мүмкін. Ал шоғырланған экспорт экономикалық өсімге кері әсерін беруі мүмкін, сондықтан табиғи ресурстарға бай елдің басшылары әртараптандыруды тиімді жүргізуі қажет. Тиімді институционалды басқаруы бар табиғи ресурстарға бай мемлекеттер институционалды басқаруы тиімсіз елдерге қарағанда тез дамиды [7]. Мұны 2011 жылы Гельб растады, яғни мұнай өндіруші елдер мысалында тиімді басқаруы бар елдер нашар басқаруы бар елдерге қарағанда экспортты әртараптандыру мүмкіндігі жоғары екенін көрсеткен [8]. Сонымен қатар осы зерттеуде мұнай өндіруге маманданған елдерде әлсіз институттардың қалыптасқанын анықтаған.

Экспортты әртараптандыру – шикізат бағасының ауытқуынан болатын түрлі қауіптерге қарсы тұра алатын маңызды стратегия. Экспортты әртараптандыру мәселесі әсіресе табиғи ресурстарға бай мемлекеттерде өзекті, себебі осы арқылы экспорттық түсімді тұрақтандыруға болады [9]. Ал М. Корен, S.Тенрейро (2007) зерттеуінше экспортты әртараптандыру сауда ашықтығы арқылы макроэкономикалық тұрақтылыққа әкеледі [10].

Ашықтық мемлекеттің басқару саяси режиміне байланысты әртараптандыруға да, немесе мамандануға да оң әсер етуі мүмкін. Демократиялы мемлекеттерде ашық-тық әртараптандырумен, автократиялы мемлекеттерде маманданумен байланысты [11]. Адам капиталы экспортты әртараптандыруға әкелуі мүмкін [12]. Кез келген мемлекет өзінің географиялық, технологиялық ерекшеліктерін ескеруі қажет. Лектардтың зерттеуінше шетелдік инвестиция тарту арқылы салыстырмалы артықшылықты ескермеу ұзақмерзімді нәтижеде қауіпті болуы мүмкін [13]. Ал Милнер & Гринуэй (1991) Өңдеу саласының жалпы экспорттағы үлесі аз болған сайын экспорт шикізат бағасына тәуелділігін жалғастыра беретіндігін айтады [14]. Р.Хаусман және т.б. ғалымдардың (2007) зерттеуінше мемлекет қаншалықты жоғары технологиялы тауарды экспорттаса, соншалықты ол мемлекет қуатты, бай болады [15].

Яғни әлемдегі барлық дамыған мемлекеттер алдымен өндірісін, содан соң өндірілген тауарлар экспортын тиімді әртараптандыру арқылы экономикалық өсімді қамтамасыз ете алған. Бұл зерттеуде біз алдымен Қазақстанның 16 аймағының 2013-2017 жылдардағы мәліметтер негізінде экспортты әртараптандыруды Херфиндаль-Хиршман индексі арқылы бағалаймыз. Сонымен қатар аймақтардың жалпы экономикалық әлеуетін түсіну үшін экономикалық күрделілік индексі (ECI) талдаймыз.

Зерттеу әдіснамасы

Мақалада екі индексті пайдаланамыз. Оның алғашқысы ғалымдар арасында экспортты әртараптандыруды өлшеуде ең көп қолданылатын Herfindahl - Hirschman индексі. Бұл индексті алғаш рет 1945 жылы

Альберт Хиршман ұсынған болатын. Осы индекс арқылы Қазақстанның 16 аймағындағы экспорттың әртараптандыру және шоғырлану деңгейін өлшейміз. Индекс экспортталған сала үлесінің квадраттарын қосу арқылы есептеледі.

$$\text{Herfindahl - Hirschman индексі} = S_1^2 + S_2^2 + S_3^2 + S_4^2 \dots S_n^2 \quad (1)$$

S – сала экспортының ел экспортындағы үлесі,

n - нарықтағы салалардың саны.

Индекс нәтижесі 0 мен 1 аралығында болады. Бұл концентрация индексі болғандықтан 1-ге жақын болған сайын концентрация деңгейі, ал 0-ге жақын болған сайын әртараптандыру деңгейі жоғары. Яғни, экспорттың ауқымды бөлігін азғантай тауар түрі құраса шоғырлану деңгейі басым екенін көрсетеді.

Екінші пайдаланылатын индекс 2009 жылы Идальго мен Хаусман ұсынған экономикалық күрделілік индексі (ECI) немесе Гарвардтық индекс. Бұл индекс негізінен мемлекеттер арасындағы экономикалық өсім мен жан басына шаққандағы ЖІӨ айырмашылығын түсіндіреді. Индекс өндірістік тауарлардың әралуандығы мен күрделілік дәрежесін көрсетеді. Есептеу логикасы өндірістік білім көлемін (productive knowledge) екі ұғым арқылы бағалайды: diversity – әртүрлілік

және ubiquity – таралуы. Әртүрлілік деп ел экспорттайтын өнеркәсіп тауарларының саны, таралуы - тауарды экспорттайтын елдердің саны.

Мақалада деректер Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті мәліметтерінен алынды.

Нәтижені талқылау

2017 мәлімет бойынша әртараптандырылу деңгейі бойынша 4 топқа бөліп қарастырдық. Ең төменгі көрсеткіш 0,1000-ға дейінгі индекс, яғни экспорты жоғары әртараптандырылған Алматы қаласы ғана. Себебі басқа облыстармен салыстырғанда Алматы қаласының экспорты белгілі бір салаға тәуелді емес. 2017 жылғы экспортының құрылымында 7,9% ауылшаруашылығы өнімдері, 43,5% тау-кен өнеркәсібі, 46% өңдеу өнеркәсібі, 2,6% басқа секторлардың үлесіне тиген. Қалған аймақтарда экспорттың шоғырлануы байқалады. Мәселен, Алматы, Солтүстік Қазақстан, Түркістан, Шығыс Қазақстан, Қостанай, Ақмола облыстарында шоғырланудың орташа деңгейін көреміз. Ал Қарағанды, Павлодар, Жамбыл, Ақтобе облыстары мен Нұр-Сұлтан қаласында экспорттың әртараптандырылу деңгейі төмен. ННІ индексі бойынша нәтижелерді 1–кестеден көреміз.


Кесте 1 – 2013-2017 жж. Қазақстан облыстары бойынша ННІ индексі көрсеткіші

		2013	2014	2015	2016	2017	Экспорттың әртараптандырылу деңгейі
1	Алматы қ.	0,1052	0,077	0,1505	0,0674	0,0996	жоғары
2	Алматы обл.	0,0975	0,104	0,1712	0,1262	0,116	орташа
3	Солт.Қазақстан	0,2021	0,1802	0,1738	0,1225	0,1226	
4	Түркістан	0,2105	0,2287	0,1759	0,1556	0,1289	
5	Шығыс Қазақстан	0,1126	0,123	0,1224	0,1115	0,1388	
6	Қостанай	0,2206	0,2062	0,1443	0,142	0,1514	
7	Ақмола	0,1581	0,1452	0,1482	0,153	0,1646	төмен
8	Қарағанды	0,2326	0,1315	0,2247	0,2003	0,194	
9	Павлодар	0,1557	0,1283	0,1976	0,1908	0,2041	
10	Жамбыл	0,0904	0,0687	0,0969	0,2126	0,2704	
11	Ақтобе	0,4791	0,3917	0,2844	0,2616	0,2783	
12	Нұр-Сұлтан	0,3097	0,3153	0,2817	0,2644	0,2923	өте төмен
13	Қызылорда	0,9636	0,9518	0,8435	0,8026	0,669	
14	Атырау	0,8134	0,8208	0,8119	0,8003	0,8096	
15	Батыс Қазақстан	0,9064	0,8998	0,9237	0,8914	0,9059	
16	Маңғыстау	0,9487	0,9055	0,9382	0,908	0,9265	

[16] дереккөз негізінде құрастырылды

Бірінші кесте нәтижелерін график түрінде салсақ Қызылорда, Атырау, Батыс Қазақстан және Маңғыстау облыстарында экспорттың әртараптандырылу деңгейі өте төмен, яғни

шоғырлану деңгейі ең жоғары екені анық байқалады (сурет 1). Алайда осы батыс облыстар жалпы экспорт құнының көлемі жағынан алдыңғы орында.



Сурет 1 – Қазақстан облыстары бойынша ННІ индексі көрсеткіші

Дегенмен соңғы жылдары Қызылорда облысында экспорттың шоғырлану деңгейі төмендеп келеді. Соңғы 5 жылда 0,9636-дан 0,6690-ға дейін тұрақты төмендеу динамикасы байқалады. Ал қалған шоғырлану деңгейі жоғары үш облыста жыл сайын шоғырлану деңгейі дерлік өзгеріссіз қалып отыр.

Бұл облыстардағы шоғырланудың жоғары деңгейін аймақтардың тау-кен өндірісіне мамандануымен түсіндіруге болады (2-кесте). Осы төрт облыстың экспорт құрылымына қысқаша тоқталар болсақ, мәселен Маңғыстау облысы экспортының 96,2% шикі мұнай және табиғи газ өндіру яғни, тау-кен өндірісіне тиесілі. Ауылшаруашылық өнімдері экспорттың 0,1%, өңдеу өнеркәсібі 3,5%, ал қалған секторлар 0,1% ғана құрайды.

Кесте 2 – Экспорттың шоғырлану деңгейі жоғары аймақтардағы экспорт көлемі мен құрылымы

	Аймақтар	Экспорт млн АҚШ доллары	Тау-кен өнеркәсібі экспорты	Жалпы экспорттағы үлесі
1	Қызылорда	621,0	520,0	83,7%
2	Атырау	18 863,7	15 652,7	92,9%
3	Батыс Қазақстан	4 703,2	4 475,9	95,2%
4	Маңғыстау	4 218,7	4 060,4	96,2%

Ескерту: [17] дереккөз негізінде автормен құрастырылды

2017 ж. Атырау облысы экспортының құрылымының 92% немесе құны 15 652,7 млн. АҚШ долл. құрайтын – Шикі мұнай және табиғи газ өңдеу саласы болды. Негізгі өткізу нарықтары: Италия, Нидерланды, Франция, Испания, Оңтүстік Корея, Үндістан, Грекия, Португалия. Атырау облысының экспортының шоғырлану деңгейінің талдауы әртараптандырудың өте төмен деңгейін көрсетеді. Облыстың экспорты бойынша Херфиндаль-Хиршман индексі өте төмен деңгейде (0,8096) тұр және оңтайлы деңгейден (0,1000-0,1800) айырмашылығы өте жоғары. Бұдан басқа, облыстағы экспорт іс жүзінде 5 аса экспортталатын тауарға толығымен шоғырланған.

Ал Батыс Қазақстан облысы экспортының тауарлық құрылымында шикі мұнай және табиғи газ өндіру 95% құрайды. Облыс экспортының негізгі өткізу нарықтары: Италия, Испания, Нидерланды, Франция, Грекия, Хорватия, Оңтүстік Корея. Батыс Қазақстан облысы экспорты әртараптандырудың өте төмен деңгейінде. Облыста Херфиндаль-Хиршман индексі 0,9059 құрайды. Бұдан басқа облыстың іс жүзінде бүкіл экспорты тек қана 5 аса көп экспортталатын тауарға шоғырланған – осы тауарларға облыс экспортының 98% келеді.

Қызылорда облысында да шикі мұнай және табиғи газ өндіру облыстың жалпы экспортынан 81% құрайды. Негізгі өткізу нарығы: Қытай (571 млн АҚШ долл. аймақтың жалпы экспортының 92% құрады).

Бұл 4 облыста экспорт аз ғана тауар түріне тәуелді екенін көрдік. Қалған 6 облыста шоғырланудың орташа, 5 облыста жоғары деңгейі қалыптасқан. Бұл 11 облыста тек тау-кен өндірісінен бөлек өңдеу саласы мен ауылшаруашылық тауарлар экспортын дамытып, экспортқа шығатын тауар түрлерін көбейту арқылы одан әрі экспортын әртараптандыруға мүмкіндіктері бар.

Осы жерде ескере кететін жағдай, көптеген экономист ғалымдар экспорты әртараптандыруды географиялық және тауарлық деп бөледі. Яғни, теория бойынша біріншіден, елдің экспортқа шығаратын тауарларының саны көбейген сайын, екіншіден, географиялық тұрғыда экспорттап жеткізетін мемлекеттердің саны көбейген сайын экспорт әртараптандырылып, экспорттық кіріс ұлғаяды. Алайда бұл зерттеуде Қазақстан мысалында бұл теория мақұлданбайтынын байқадық.

Төмендегі 3–кестеде Қазақстанның соңғы 10 жылдағы экспорт құнының көлемі, тауарын экспорттайтын елдердің саны және экспортталатын тауарларының саны келтірілген.

Кесте 3 – 2008-2017 жж. Қазақстан экспортының көлемі

	Экспорт, млн АҚШ долл.	Өткен жылмен салыстыру	Экспорттайтын елдер саны	Өткен жылмен салыстыру	Экспортталатын тауар саны	Өткен жылмен салыстыру
2008	71 183,50	23 428,20	118	-4	2358	13
2009	43 195,70	-27 987,80	109	-9	2471	113
2010	60 270,80	17 075,10	126	17	2261	-210
2011	84 335,90	24 065,10	118	-8	2612	351
2012	86 448,80	2 112,90	115	-3	2481	-131
2013	84 700,40	-1 748,40	120	5	2648	167
2014	79 459,80	-5 240,60	119	-1	2652	4
2015	45 955,80	-33 504,00	117	-2	2718	66
2016	36 736,90	-9 218,90	122	5	2858	140
2017	48 342,10	11 605,20	119	-3	2861	3

Ескерту: [17] дереккөз негізінде автормен құрастырылды

Кестеден көріп отырғанымыздай Қазақстанның экспорт көлеміне экспортталатын тауар саны мен экспортқа шығаратын

мемлекеттер саны еш әсер етіп тұрған жоқ. Түсінуге оңай болу үшін төменде корреляциялық 4 – кесте келтірілді.

Кесте 4 – Қазақстан экспортының құнына әсер етуші факторлардың корреляциялық кестесі 2007-2017 жж.

	Экспорт, млн АҚШ долл.	Экспорттайтын елдер саны	Экспортталатын тауар саны	Экспорттағы шикізаттың үлесі
Экспорт, млн АҚШ долл.	1			
Экспорттайтын елдер саны	0,051797	1		
Экспортталатын тауар саны	-0,33476	-0,07682	1	
Экспорттағы шикізаттың үлесі	0,894725	-0,28702	-0,18386	1
Ескерту: автормен есептелді				

4 – кестені талдайтын болсақ, мұнда экспорттың жалпы құнына тығыз әсер еткен фактор экспорттағы шикізаттың үлесі ($r=0,89$) болды. Ал экспорттайтын елдер санының ($r=0,05$) әсері өте төмен, ал экспортталатын тауар санының экспортқа ($r= -0,33$) әсері теріс болып шықты. Әрине экспорттық түсімге басқа да көптеген факторлар әсер етуі мүмкін. Сондықтан алдағы уақытта осы факторларды тереңнен зерттеу қажет.

Алайда соңғы жылдары Қазақстанда бұрын өндірілмеген 500 жаңа өнім түрінің өндірісі игерілді: жүк және жолаушылар вагондары, электровоздар, жүк, жеңіл автомобильдер мен автобустар, трансформаторлар, рентген аппаратурасы, жарықдиодты шамдар, титан құймалары мен қаңылтақтар, дәрілік заттар, сүт өнімдері және басқалар. Бүгінгі таңда өңдеу өнеркәсібі экспортының номенклатурасы 2 861 тауардан құралған, олардың ішінде 223 тауар бойынша Қазақстан ғаламдық салыстырмалы артықшылыққа қол жеткізді. Бірақ әлі күнге дейін экспорттық тауарлар өндірістік әлеуетке емес, көбіне табиғи ресурстармен байланысты болып отыр [18]. Өңдеу секторы экономикалық өсімді қамтамасыз етуші факторға айналуы үшін дамыған елдердегідей ЖІӨ үлесі 40-50 % дейін жетуі керек, ал бізде 2018 жыл қорытындысы бойынша 16,8% құрады. Қазақстан алдағы уақытта дамыған елдердің қатарына енуі үшін жоғары технологиялы өндірісін дамыту арқылы шикізатқа тәуелділікті еңсеріп және жоғары қосылған құны бар салаларға басымдық беру арқылы экспортын әртараптандыру міндеті тұр.

Қазіргі таңда Қазақстан экспорты төмен технологиялы шикізат экспорты есебінен қамтамасыз етіліп отыр. Дүниежүзілік банк деректері бойынша Қазақстанның өнеркәсіп өндірісі экспортында жоғары және орташа технологиялы экспортының жалпы экспорттағы үлесі 0.41% ғана құрайды [19]. Өйткені ел экспортының басым бөлігі, шамамен 70% минералды ресурстардың үлесінде. Ғалымдардың зерттеуінше мемлекет қаншалықты өңделген, жоғары технологиялы тауар экспортын көбейткен сайын соншалықты бай, қуатты болады.

Осы зерттеуде аңғарғанымыздай еліміздің экспортында жартылай өңделген тауарлар басым. Өйткені 2018 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстанның өңдеуші өнеркәсібіндегі орта технологиялы салалар - 47,9%, төмен технологиялы – 41,2%, ал жоғары технологиялы салалар – бар болғаны 10,9% құраған. Салыстыру үшін осы көрсеткіштер Экономикалық ынтымақтастық пен даму ұйымы (ЭЫДҰ) елдерінде жоғары технологиялы өндірістер 20%-дан асады [20].

Осы жерде елдің шығаратын тауарларының әралуандығымен және сол тауарларды шығара алатын басқа елдердің санына негізделген экономикалық күрделілік индексын аймақтар мысалында 5–кестеде талдап көрейік. Индекс нәтижесінің ең төменгі дәрежесін Қызылорда, Түркістан, Жамбыл облысы көрсетті. Қызылорда облысы аймақтар арасында ең соңғы 16 орынды алады. Салыстыру үшін аймақтардан Алматы қаласы осы рейтингте 1 орынды, Қарағанды облысы 5 орынды, Солтүстік Қазақстан облысы 10 орынды алады.

Экономикалық күрделілік индексі бойынша Жамбыл облысы аймақтар арасында 14 орынды алады. Салыстыру үшін көрші аймақтардан

Қарағанды облысы осы рейтингте 5 орынды, Алматы облысы – 8 орынды және Түркістан облысы – 10 орынды алады.

Кесте 5 – Қазақстанның облыстар бойынша экономикалық күрделілік индексі (ЕСІ)

	ЕСІ	2013	2014	2015	2016	2017
1	Қызылорда	-0,08	0,18	-0,19	-0,57	-0,2
2	Түркістан	-0,46	-0,33	-0,19	-0,54	-0,17
3	Жамбыл	-0,04	0,15	0,3	-0,02	0,05
4	Ақтобе	0,24	0,14	0,26	-0,11	0,31
5	Шығыс Қазақстан	0,46	0,46	0,38	0,36	0,43
6	Павлодар	0,26	0,31	0,19	0,15	0,48
7	Солт.Қазақстан	0,38	0,4	0,27	0,28	0,49
8	Алматы обл.	0,41	0,42	0,41	0,38	0,5
9	Қостанай	0,24	0,29	0,29	0,18	0,5
10	Ақмола	0,3	0,27	0,49	0,27	0,52
11	Батыс Қазақстан	0,47	0,45	0,49	0,13	0,59
12	Қарағанды	0,46	0,51	0,49	0,53	0,59
13	Маңғыстау	0,41	0,54	0,16	0,6	0,61
14	Нұр-Сұлтан	0,51	0,41	0,4	0,19	0,64
15	Атырау	0,63	0,63	0,51	0,37	0,64
16	Алматы	0,52	0,5	0,52	0,4	0,66

[19] дереккөз негізінде құрастырылды

Бұл индекс бойынша облыстар арасында ең жоғарғы көрсеткішті Алматы, Нұр-Сұлтан қалалары мен Маңғыстау, Атырау облыстары көрсетті. Атырау облысы бұрын әкелінген машиналар мен жабдықтың реэкспортының арқасында өзге аймақтар ішінде 2 орынды алады. Салыстыру үшін көрші аймақтардан Батыс Қазақстан облысы – 6 орынды және Ақтобе облысы – 13 орынды алады. 2013-2016 жж. әлемдік мұнай нарықтарындағы теріс конъюнктура кезеңінде облыс көрсеткіштері төмендеген болатын. Соңғы жылы дерлік барлық облыста экономикалық күрделілік индексі көрсеткіштерінің мәні жақсарған.

Қорытынды

Осылайша, жүргізілген зерттеу Қазақстандағы аймақтардың экспорттық жай-күйін жан-жақты, нақты сипаттайды. Экспорттық саясатты 16 аймақтың әрқайсысының географиялық, өндірістік ерекшеліктерін және табиғи ресурстар қорын ескере отырып жүргізген жөн. Экспорттық корзинасының басым бөлігін бірнеше тауар құрайтын, табиға ресурстарға бай Қазақстанда

экономикалық өсімді қамтамасыз ету үшін экспортты әртараптандыру қажеттілігі жоғары. Сонымен қатар, қолданған екі индекс нәтижелері адекватты. Сыртқы сауда қызметін тиімді жүргізу үшін аймақтардың әлеуетін жеке-жеке кешенді талдаған жөн. Сондықтан алынған зерттеу нәтижелері аймақтардың экспорттық саясатын жүзеге асыруда жоғары мемлекеттік органдардың тиімді шешімдер қабылдауы үшін маңызды құрал бола алады.

Жоғары деңгейдегі инфрақұрылым, адам капиталы мен институционалды әлеует – экспортты әртараптандыруда маңызды рөл атқарады [21]. Сондықтан Қазақстан Үкіметі де экспортты шоғырландыруға жол бермей, табиғи ресурстарын тиімді пайдалану арқылы өз экспортын әртараптандыру үшін түрлі шаралар қабылдауы қажет. Атап айтқанда, тиімді инвестиция, инфрақұрылымды дамыту, ішкі өндірісті жаңғырту, екіжақты келісімдерді көбейту, транспорттық шығындарды барынша азайту, сала бойынша субсидия беру, қажет жағдайда импорттық тауарларға квота қою, географиялық мүмкіндіктерін тиімді пайдалануы қажет.

Алдағы уақытта шикізат экспортының орнына өңдеу және ауылшаруашылық саласының экспортын арттыру қажет. Ол үшін жеткілікті қаржы бөліп, инвестиция тарту де маңызды мәселе. Мысалы 2017 жылғы мемлекеттік бюджет шығыстарында өңдеу өнеркәсібіне небәрі 0,2% бөлінді, ал тау-кен өнеркәсібіне арналған шығыстар 1,1%, ауыл шаруашылығына арналған шығыстар - 3,8%, ал өнер және демалыс секторына арналған шығыстар 3,2% құрады [22].

Экспортты әртараптандыру үшін географиялық нарықты арттыру тауардың санын арттыруға қарағанда маңыздырақ болып келеді. Ал жаңа тауарлар ескі тауарларға қарағанда 1,44 есе шетелдік нарықта сату мүмкіндігі жоғары [23] Қазақстан әлемдік теңіз жолына шыға алмаса да көршілес елдермен (Ресей, Қытай, Қырғызстан, Өзбекстан, Түркіменстан тағы басқа ТМД елдерімен) тиімді экспорттық саясат жүргізгені жөн. Шекарада орналасқан аймақтардың ынтымақтастығы екі мемлекеттің қарым-қатынасының маңызды факторы болып табылады. Ең маңыздысы Қазақстан Еуропа мен Азияның ортасындағы географиялық жағдайын тиімді пайдалануына болады. Қазақстан экспорттық өнімдерді тасымалдау үшін көлік, логистика қатынасын дамытуды маңызды бағыт ретінде қарауда. Мәселен, Ұлы Жібек жолын жаңғырту мақсатында салынған Батыс Қытай - Батыс Еуропа жолы, Ақтау мен Құрықта теңіз порттары инфрақұрылымдарын қалыптастыру. Оған қоса, Парсы шығанағы мен Тынық мұхит жағалауындағы елдерде қоймалар салу мүмкіндігін қарастыруда. Өз кезегінде бұл логистикалық шығындарды азайтып, Қазақстан тауарын әлемнің көптеген елдеріне жеткізуге мүмкіндік берері сөзсіз. Осы логистикалық мүмкіндік арқылы 1,5 млрд.халқы бар үлкен нарықтар Қытай мен Ресейді қоса алғанда Еуропа елдеріне шыға алады.

Ең маңыздысы Қазақстан алдағы уақытта технологиялық жаңғыру арқылы жоғары технологиялы өндірісін дамытып, экспортын әртараптандыру қажет. Сол арқылы экономикалық өсімді тұрақты қамтамасыз етуге әлеуеті жоғары болады. Өйткені экспортты әртараптандыру бұл – дағдарыстан шығу кезіндегі уақытша науқан емес, экономикалық дамудың стратегиялық құралы.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Cirera X., Marin A., Markwald R. Explaining export diversification through firm innovation decisions: The case of Brazil // *Research Policy*. - 2015. - №4 4. - P. 1962-1973. - doi.org/10.1016/j.respol.2015.06.004
2. Ferranti D., Perry G., Lederman D. and Maloney W. From Natural Resources to the Knowledge Economy: Trade and Job Quality // Washington DC: World Bank. - 2002. - doi.org/10.1596/0-8213-5009-9
3. Hakura D.S., Output Volatility in Emerging Market and Developing Countries: What Explains the Great Moderation of 1970-2003? // *Czech Journal of Economics and Finance*. - 2009. - № 59(3). - P. 229-254.
4. Cadot O., Carrere C., Strauss-Kahn V., Export diversification: what's behind the hump? // *The Review of Economics and Statistics*. - 2011. - № 93(2). - P. 590-605.
5. Regolo J., Export diversification: how much does the choice of the trading partner matter? // *Journal of International Economics*, —2013 —№91(2), —P.329–342. - doi.org/10.1016/j.jinteco.2013.07.004
6. Sachs J., and Warner A. The Big Rush, Natural Resource Booms and Growth // *Journal of Development Economics*. - 1999. - № 59. - P. 43–76. - doi.org/10.1016/S03043878(99)00005-X
7. Mehlum H., Moene K., Torvik R. Cursed by Resources or Institutions // *The World Economy*. - 2006. - № 29(8). - P. 1117-1131. - doi.org/10.1111/j.1467-9701.2006.00808.x
8. Gelb A. Economic Diversification in Resource Rich Countries // Center for Global Development, World Bank, Washington DC. —2011. —P. 55-80.
9. Massol O. and Banal-Estanol A. Export diversification through resource-based industrialization: The case of natural gas // *European Journal of Operational Research*. - 2014. - № 237(3). - P. 1067-1082. - doi.org/10.1016/j.ejor.2014.02.043
10. Koren M. and Tenreyro S. Volatility and Development // *Quarterly Journal of Economics*. - 2007. - № 122(1). - P. 243-287. - doi.org/10.1162/qjec.122.1.243
11. Makhoulouf Y., Kellard M., Vinogradov D. Trade openness, export diversification, and political regimes // *Economics Letters*. - 2015. - № 136. - P. 25-27. - doi.org/10.1016/j.econlet.2015.08.031
12. Kodila-Tedika O. and Asongu A. The effect of intelligence on financial development: A cross-country comparison // *Intelligence*. - 2015. - № 51. - P. 1-9. - doi.org/10.1016/j.intell.2015.04.010
13. Lectard P. and Rougier E. Can Developing Countries Gain from Defying Comparative Advantage? Distance to Comparative Advantage, Export Diversification and Sophistication, and the Dynamics of Specialization // *World Development*. - 2018. - № 102. - P. 90–110. - doi.org/10.1016/j.worlddev.2017.09.012

14. Milner, C., & Greenaway, D. Did Mauritius really provide a 'case study in Malthusian economics?' // *Journal of International Development*. - 199). - № 3. - P. 325–338. - doi.org/10.1002/jid.4010030309

15. Hausmann, R., Hwang J., and Rodrik D. What You Export Matters // *Journal of Economic Growth*. - 2007. - № 12. - P. 1–25. - doi 10.1007/s10887-006-9009-4

16. Қазақстанның өңделген өнімдерін экспорттауға арналған әлеуетті мүмкіндіктерді аймақтар тұрғысында талдау. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі. - Астана. Шаңырақ Медиа. - 2018. - 334 б.

17. Министерство национальной экономики Республики Казахстан Комитет по статистике // Статистика национальных счетов 2020 [Electronic source] URL: <https://stat.gov.kz/official> (дата обращения: 06.01.2020)

18. Şeker A. & Şimdi H. The Relationship between Economic Complexity Index and Export: the Case of Turkey and Central Asian and Turkic Republics // *Ekonomika Regiona [Economy of Region]*. - 2019. - № 15(3). - P. 659-669. - doi 10.17059/2019-3-3

19. Worldbank. Kazakhstan. 2020. [Electronic source] URL: <https://data.worldbank.org/country/kazakhstan> / (Date of access: 06.01.2020)

20. Акаева С.А., Соколов В.Н. Об отраслевых и технологических структурных сдвигах, необходимых для модернизации российской экономики // M.I.R. (Modernization. Innovation. Research). - 2016. - № 7(3). - С. 38–48

21. Mosley P. Why has export diversification been so hard to achieve in Africa? // *The world economy*. - 2018. - № 00. - P.1–20. - doi: 10.1111/twec.12620.

22. Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі. Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. [Electronic source] URL: <https://primeminister.kz/kz/gosprogrammy/industrial> (дата обращения: 06.01.2020)

23. Regolo J. Manufacturing export diversification and regionalization of trade: Which destinations for newly exported goods? // *International Economics*. - 2017. - № 151. - P. 26–47. - doi.org/10.1016/j.inteco.2017.03.003

References

1. Cirera X., Marin A., Markwald R. (2015). Explaining export diversification through firm innovation decisions: The case of Brazil // *Research Policy*, 44, 1962–1973. doi.org/10.1016/j.respol.2015.06.004

2. Ferranti D., Perry G., Lederman D. and Maloney W. (2002). From Natural Resources to the Knowledge Economy: Trade and Job Quality // Washington, DC: World Bank. doi.org/10.1596/0-8213-5009-9

3. Hakura D.S., (2009). Output Volatility in Emerging Market and Developing Countries: What Explains the “Great Moderation of 1970-2003?”, *Czech Journal of Economics and Finance*, Charles University Prague, Faculty of Social Sciences, 59(3), 229-254.

4. Cadot O., Carrere C., Strauss-Kahn V., (2011). Export diversification: what's behind the hump? *The Review of Economics and Statistics* 93 (2), 590–605.

5. Regolo J., (2013). Export diversification: how much does the choice of the trading partner matter? *Journal of International Economics*, 91 (2), 329–342.. doi.org/10.1016/j.jinteco.2013.07.004

6. Sachs J., and Warner A., (1999). The Big Rush, Natural Resource Booms and Growth. *Journal of Development Economics*, 59, 43–76. doi.org/10.1016/S0304-3878(99)00005-X

7. Mehlum H., Moene K., Torvik R. (2006). Cursed by Resources or Institutions. *The World Economy*, 29(8). 1117-1131. doi.org/10.1111/j.1467-9701.2006.00808.x

8. Gelb A. (2011). Economic Diversification in Resource Rich Countries. Center for Global Development, World Bank, Washington DC., 55-80.

9. Massol O. and Banal-Estanol A. (2014). Export diversification through resource-based industrialization: The case of natural gas. *European Journal of Operational Research*, 237(3), 1067-1082. doi.org/10.1016/j.ejor.2014.02.043

10. Koren M. and Tenreyro S. (2007). Volatility and Development. *Quarterly Journal of Economics*, 122 (1), 243-287. doi.org/10.1162/qjec.122.1.243

11. Makhlouf Y., Kellard M., Vinogradov D. (2015). Trade openness, export diversification, and political regimes. *Economics Letters*, 136, 25-27. doi.org/10.1016/j.econlet.2015.08.031

12. Kodila-Tedika O. and Asongu A. (2015). The effect of intelligence on financial development: A cross-country comparison. *Intelligence*, 51, 1-9. doi.org/10.1016/j.intell.2015.04.010

13. Lectard P. and Rougier E. (2018). Can Developing Countries Gain from Defying Comparative Advantage? Distance to Comparative Advantage, Export Diversification and Sophistication, and the Dynamics of Specialization. *World Development*, 102, 90–110. doi.org/10.1016/j.worlddev.2017.09.012

14. Milner, C., & Greenaway, D. (1991). Did Mauritius really provide a 'case study in Malthusian economics? *Journal of International Development*, 3, 325–338. doi.org/10.1002/jid.4010030309

15. Hausmann, R., Hwang J., and Rodrik D., (2007). What You Export Matters. *Journal of Economic Growth*, 12, 1–25. doi 10.1007/s10887-006-9009-4

16. Qazaqstannıń öñdelgen önimderin ékspörttawǵa arnalǵan álewetti mümkindikterdi aymaqtar turǵısında tal daw. Qazaqstan Respwblıkası Investiciyalar jáne damw mınıstrlıgı. – Astana: Şañıraq – Media, 2018. -334 b.

17. Ministerstvo natsional'noy ekonomiki Respubliki Kazakhstan Komitet po statistike // Statistika po natsional'nym raschetam 2020 [Elektronnyy resurs]. URL: <https://stat.gov.kz/official> (Date of access: 06.01.2020)

18. Şeker, A. & Şimdi, H. (2019). The Relationship between Economic Complexity Index and Export: the Case of Turkey and Central Asian and Turkic Republics. *Ekonomika Regiona [Economy of Region]*, 15(3), 659-669. doi 10.17059/2019-3-3

19. Worldbank. (2020). Kazakhstan. [Data file]. Retrieved from <https://data.worldbank.org/country/kazakhstan> / (Date of access: 06.01.2020)

20. Akayeva S.A., Sokolov V.N. O drugikh i tekhnologicheskikh strukturakh ekonomiki, kotoryye neobkhodimy dlya modernizatsii rossiyskoy ekonomiki // M.I.R. (Modernizatsiya. Innovatsii. Issledovaniya). - 2016, - №7 (3), - S. 38-48

21. Mosley P. (2018). Why has export diversification been so hard to achieve in Africa? *The world economy*. 00, 1–20. doi: 10.1111/twec.12620.

22. Qazaqstan Respwblıkasınıń İndwstriya jáne infraqurılımdıq damw mınıstrlıgı. Qazaqstan Respwblıkasın indwstriyalıq-innovaciyalıq damıwdıń 2020-2025 jıldarǵa arnalǵan memlekettik baǵdarlaması // Qazaqstan Respwblıkası Premer-Mınıstriniń resmı aqqarattıq reswrsı [Elektronnyy reswrs] URL: <https://primeminister.kz/kz/gosprogrammy/industrial> (Date of access: 29.09.2019)

23. Regolo J. (2017). Manufacturing export diversification and regionalization of trade: Which destinations for newly exported goods? *International Economics* 151 26–47. doi.org/10.1016/j.inteco.2017.03.003